


Әлаған рухы Астана аспанында



Актоғай мен Астана арасында алтын көпір орнады. Оны орнатқан Әлағанның рухы. «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп серт берген Әлихан сөзінде тұрды. «Қазақтың хан баласында кеткен есесін қайтарам» деп жүріп, өле-өлгенше ақ патшаның

шақырылды.

Елордада өткен мерейтойлық шараға аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Аманжолов бастаған актоғайлық делегация мүшелері, өлкетанушы Т.Мұқан, Дайыр төре ұрпағы Қ.Ғалиханов, төре әулетінің жиеншары Қ.Әбдірахманова, Әлағанның кіндік қаны тамған Шабанбай би ауылының әкімі Қ.Рысбеков, төре тұқымының жиеншары, аудандық жастармен жұмыс жасау орталығының директоры, халық қалаулысы М.Қасымхан және осы жолдардың авторы арнайы барып қатысып қайтты.

айтулы тұлғасы Смағұл Садуақасовтың құлпытастары орналасқан. Аруақтарға құран бағыштаған делегация Ақмола ауданын бетке алды. Бұл арада атының өзі аза бойынды қазақ қылатын қанқұйлы «АЛЖИР» лагері бар. Осы арада қазақ халқының небір аяулы перзенттерінің жұбайлары тозақтың азабын кешкен. Қазіргі таңда бұл жерде «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені қоныс тепкен. Күмбез тектес мұражай кара мраморлы қабырғамен қоршалыпты. Қасіреттің кара тақтасының бос жері жоқ. 50-60 шаршы метр аумақты алып тұрған кара тақтаға мыңдаған

бликалық газеті» АҚ Баскарма төрағасы, тарих ғылымдарының докторы Д.Қыдырәлі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б.Дүйсенбиновалар конференцияға қатысушыларды Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Одан әрі елімізге танымал әдебиетші-тарихшы ғалымдар баяндамаға көшті. Мінберге кезекпен ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі М.Қойгелді, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры Д.Қамзабекұлы, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Сұлтанхан Аққұлы, ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері А.Ісмакова, ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры Т.Жұртбай және де өзге ғалымдар Әлихан Бөкейханның тұлғалық сипатын ашатын сан түрлі тақырыптағы баяндамаларын жасады. Әсіресе, конференция тыңдаушыларына Ш.Құрманбайұлының «Әлихан Бөкейхан аудармаларының ерекшеліктеріне» қатысты баяндамасы қатты әсер етті. Ш.Құрманбайұлы Әлихан Бөкейханның аталмыш сала-



жылы лебіздерін білдірді. Актоғайлықтар атынан ғылыми конференцияда Тұңғышбай Мұқан ағамыз Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның күрескерлік қыры, қайраткерлік тұлғасы, ұлтжандылық сипаты, ғылым мен әдебиетке сіңірген еңбегі жайында мазмұны бай деректер мен мағлұматтар келтіріп, шешендік сүбелі сөздерімен, орамды ойларымен көптің назарын өзіне аударып, ықыласына бөленді.

Әлағанның 150 жылдық мерейтойына орай ғылыми конференция ұйымдастырушылар әр тараптан шақырылған қонақтарға тәбәрік таратып, (Әлағанның бейнесі бедерленген төсбелгі, қалам, қойын кітапша, сондай-ақ, «ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН: Алаш мұраты және тәуелсіздік құндылығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары топтастырылған жинағы салынған қоржын) Ұлттық мұражай мейрамханасында дастархан



адамдардың есім-тегі жазылған. Мұражай кешенінің оңтүстік бетінде зәулім «Қасірет қақпасы» бейнеленген. «Қасірет қақпасынан» әріректе тұтқындар тиелген вагон және биік қарауыл мұнарасы мен мұндалайды. Шағын аллеяда мұңға батқан адамның тас мүсіні тұр. Төменгі тұсындағы тақташада «Түңілу мен әлсіздік» деген жазуы бар.

Мұражай үш қабаттан тұрады екен. Әр қабат тұнған тарих, тұнған дерек.

озбырлық, большевиктік қызыл империяның астыртын отарлық саясатына қарсы күресіп, басын бөйгеге тікті. Ақыр түбінде Алла алқап, Әлиханнның арманы орындалды. Қазақ жаһан жұрты санасатын егемен ел, тәуелсіз мемлекет атанды.

Қараша айының 10 жұлдызында Елорда төріндегі Ұлттық мұражайда Астана қаласының әкімдігі ЮНЕСКО аясында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның – 150, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН: Алаш мұраты және тәуелсіздік құндылығы» атты ғылыми конференция өткізді. Астана әкімдігі ұйымдастырған шараға Әлағанның кіндік қаны тамған Актоғай елінен 10 адамнан тұратын арнайы делегация

9 қараша, күн түс ауа бір қауым ел темір тұлпарға тақым артып, елорданы бетке алдық. Атымызды сипай қамшылап, жеделдете жүре отырып, ауыздықпен алысып, іңір түсе Астана қаласының іргесіне тұяқ іліктірідік. Кежек елді мекенінен Астана қаласына дейінгі аралықтағы жердің шаңы шығып жатыр. Қар біздің Актоғайға ғана жауған ба дерсің.

Мына ғажапты қараңыз, осы жуырда ғана еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі аралықта қолымызды жеткізе алмай жүрген Кейкі батырдың басы Қазақстанға қайтарылды. Бұл оқиға әншейін жай сәйкестік емес. Бұл – халқымыздың ғасырлар бойғы жер бауырлап жатқан өр рухының қайыра бас көтеруі.

10 қараша таң бозынан шараның ұйымдастырушылары бағдарламаға сәйкес конференция делегаттарын «Жастар» шағынауданы маңындағы «Қараөткел» мұсылмандар зиратына алып келді. Аталған қорымда дамылдап жатқан халқымыздың азаттығы жолында жандарын пидар еткен Кенесары ханның сарбаздары және Алаштың

Репрессия құрбандарына арналған мүйістерде орналасқан экспонаттар арасында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай сынды алыптар мен Темірбек Жүргеновтің жары Дәмештің, Бейімбет Майлиннің жұбайы Гүлжамалдың және де басқа халқымыздың ұлы тұлғалары мен арыстарының бейнелері көзге жылы ұшырайды.

Екінші қабатқа көтеріліп бір бұрышта, ала көлеңкеде, тергеу жүргізіп отырған НКВД жендеті мен қарауыл солдаттың және тұтқын

әйелдің сұлбасын, одан сәл әріде темір тор қамақта отырған ананың шарасыз күйін көріп, қуғын-сүргін құрбандарының басынан кешкен қайғы-қасіреттің қаншалықты зілбатпан екендігін түсінесің.

Қасіреттің кара түнегіне оранған «АЛЖИР-ді» арқа тастап, Астанаға оралдық.

Ұлттық мұражайда өткен ғылыми конференцияны кіріспе сөзімен Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Аманшаев ашып, ҚР ҰҒА академигі С.Қасқабасов, Қазақстанның ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Бас хатшысы Ә.Өтегенова, «Егемен Қазақстан» респу-



дағы еңбегін жан-жақты, жүйелі талдап, Әлағанның тәржімадағы қолданған тәсілінің өзгелерден оқшауланып тұратын тұстарына тоқталды. Баяндамашы «Әлихан аударманың жолма-жол тәсілін қолданбайды. Ол өзі аударған шығармаларды қазақы ұғымға сай тәржімалайды» – деп нақты мысалдарын көлденең тартты. Сол секілді А.Ісмакова, С.Аққұлы ұлт көсемінің мерейжасын мемлекеттік масштабта атап өту әлі де болса кешеуілдеп жатқандығын тілге тиек етіп, түрлі кедергіліктерге қарамастан, аталмыш істі бірінші болып қолға алып, абыроймен атқарған актоғайлықтардың атына

жайып, ас берді. Сөйтіп, актоғайлық делегация мүшелері астаналықтардың Әлағана көрсеткен құрметінің куәсі болып, үлкен әсерге бөленіп, ат басын алтын бесік Актоғайға бұрды.

Иә, конференцияда әңгіме арқауына айналған көп жай көңілге түрлі ой салғаны ақиқат. Көп мәселені «Көш жүре түзеледі» деген желеуге сүйей салатын енжарлау мінезден арылатын кез де келер. Бастысы, қазақ қауымы ғана емес, әлем жұрты Әлағанды мойындап отыр. Маңыздысы, өскелең жас ұрпақтың Әлағанды тануға деген құлшынысы зор. Біз соған шүкір дейік.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ, Актоғай-Астана-Актоғай

